

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

«БЕКІТІЛГЕН»


«Академик Е.А. Бөкетов атындағы  
Қарағанды университеті» КЕАҚ  
Басқарманың шешімімен  
Хаттама № 5 « 27 » 06



\_\_\_\_\_ 2024 ж.  
проф. Н.О. Дулатбеков

«БЕКІТІЛГЕН»

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы  
Қарағанды университеті» КЕАҚ  
Директорлар кеңесінің шешімімен  
Хаттама № 5 « 27 » 06



\_\_\_\_\_ 2024 ж.

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**7M04112 - Басқарушылық және қаржылық талдама (executive MBA)**

**Деңгейі: Магистратура**

Қарағанды қ.  
2024

КЕЛІСІМ ПАРАҒЫ

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ «7M04112 – Басқарушылық және қаржылық талдама (executive MBA)»

«КЕЛІСІЛДІ»

«KarLes» ЖПС директоры

2024 ж. «



Ә.Ж.Серіков

«КЕЛІСІЛДІ»

«Азияэко» ЖПС директоры

2024 ж. «



Б.Р.Раимбеков

**Мазмұны**

<b>№</b>	<b>Бөлімдер атауы</b>	<b>Беттер</b>
1	Нысан 1. Білім беру бағдарламасының төлқұжаты	3
2	Нысан 2. Құзыреттілік негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау	7
3	Нысан3. Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау	9
4	Нысан 4. Оқыту нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы	10
5	Нысан 6. Оқытудың жоспарланған нәтижелерін оқыту және бағалау әдістерімен сәйкестендіру	15
6	Нысан7. Оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау критерийлері	17
7	Нысан8. Білім беру бағдарламасы түлегінің моделі	20

## Білім беру бағдарламасының төлқұжаты

№	Параметр атауы	Сипаттау
1	Білім беру бағдарламасының коды және атауы	«7M04112 – Басқарушылық және қаржылық талдама(executive MBA)»
2	Білім беру облысының, дайындық бағытының коды және жіктелуі	7M04–Бизнес, басқару және құқық
3	Білім беру бағдарламасының тобы	M072 – Менеджмент және басқару
4	Кредиттер көлемі	60 ECTS
5	Оқыту нысаны	күндізгі
6	Оқыту тілі	орыс, қазақ
7	Тағайындалатын дәреже	«7M04112 – Басқарушылық және қаржылық талдама (executive MBA)» білім беру бағдарламасы бойынша іскерлік әкімшілендіру магистрі
8	Білім беру бағдарламасының түрі	Инновациялық ББ
9	ББХСЖ (Білім берудің халықаралық стандартты жіктемесі) бойынша деңгейі	7 деңгей
10	ҰБШ (Ұлттық біліктілік шеңбері) бойынша деңгей	7 деңгей
11	СБШ (Салалық біліктілік шеңбері) бойынша деңгей	7 деңгей
12	ББайрықшаерекшеліктері	М.В. Ломоносов атындағы ММУ-мен қос диплом
13	Кадрларды даярлау бағытындағы лицензияға қосымшаның нөмірі	
14	Аккредиттеу органының атауы және ББ аккредиттеудің қолданылу мерзімі	
15	ББ мақсаты	Бағдарлама бірінші кезекте бәсекелі, оның ішінде жаһандық нарықта, 4.0 индустриясындағы компанияларды ілгерілетуге қабілетті кәсіпкерлік үлгідегі жоғары білікті басқарушыларды даярлауға арналған. Бағдарлама түлектерінің қызмет саласына компанияның цифрлық трансформациясын басқару және 4.0 индустриядағы инновациялық бизнесті басқару кіреді.

16	Түлектің біліктілік сипаттамасы	<p>а) Түлек лауазымдарының тізбесі.          Магистратура түлегіне «7М04112 – Басқарушылық және қаржылық талдама (executive MBA)» білім беру бағдарламасы бойынша іскерлік әкімшілендіру магистрі дәрежесі беріледі. (Клиенттермен жұмыс жөніндегі менеджер, бизнес-кеңесші, кәсіпкер, продакт-менеджері, қаржыландыру жөніндегі менеджер, директор, басқарушы, бөлім бастығы және т.б.).</p> <p>б) Түлектің кәсіби қызметінің саласы мен объектілері:          «7М04112 – Басқарушылық және қаржылық талдама (executive MBA)» білім беру бағдарламасы бойынша түлектердің кәсіби қызмет саласы:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- корпоративтік, өңірлік және өңіраралық, салалық, салааралық және халықаралық инновациялық жобалар мен бағдарламалар;</li> <li>- тауарлар мен қызметтердің бәсекеге қабілетті өндірістерін қалыптастырудың инновациялық жобалары;</li> <li>- бизнес-процестердің инжиниринг пен реинжинирингінің инновациялық жобалары;</li> <li>- инновациялық дамуды болжау және өндірістік-шаруашылық жүйелерді инновацияларға бейімдеу жобалары мен процестері;</li> <li>- жаңа өнімдер мен жаңа қызметтерді, жаңа технологияларды, ресурстардың жаңа түрлерін, өндіріс пен басқаруды ұйымдастырудың жаңа нысандары мен әдістерін, жаңа нарықтар мен олардың ықтимал қосылуларын игеру және пайдалану жобалары мен процестері;</li> <li>- инновацияларды коммерцияландыру жобалары;</li> <li>- инновациялық жобаларды басқарудың барлық кезеңдерін құралдармен қамтамасыз ету;</li> <li>- инновациялық технологиялардың трансфер процестері;</li> <li>- инновациялық кәсіпорындарды басқару;</li> <li>- инновациялық процестерді бағалау әдістері мен технологиялары;</li> <li>- инновациялық процестер мен жүйелерді модельдеу.</li> </ul>
----	---------------------------------	--

Түлектер кәсіптік қызметті егер олардың білім деңгейі мен алған құзыреттері қызметкердің біліктілігіне қойылатын талаптарға сәйкес келген жағдайда кәсіптік қызметтің басқа облыстарында және (немесе) салаларында жүзеге асыра алады.

в) Түлектің кәсіби қызметінің түрлері:

- Ұйымдастыру-басқару қызметі. Түлек қаржы және салық органдарында, кәсіпорында, сақтандыру ұйымдарында, банктерде және басқа да қаржы мекемелерінде білікті жұмыс жасау үшін дағдыларға ие болуы, бухгалтерлік есептің ғылыми-әдістемелік және ұйымдастырушылық-техникалық базасын құруға қатысуы, басқа мамандармен бірлесіп басқарудың неғұрлым тиімді әдістерін, бизнесті ұйымдастырудың ережелері мен рәсімдерін әзірлеуі және қолдануы, капитал нарығында қаржы институттарының қызметіне белсенді қатысуы; компанияның корпоративтік имиджін қолдау және дамытуы керек;

- Өндірістік-технологиялық қызмет осы білім беру бағдарламасы бойынша түлектердің басымды құзыреті болып табылады, өйткені білім беру процесі олардан ақпаратты жинау, тіркеу және жалпылау процесіне байланысты барлық мәселелерді мұқият зерделеуді талап етеді;

- Түлектердің есептік-жобалық қызметі жаңа кәсіпорындын емес экономикалық жобаны ұйымдастыруға қатысты және қызметті кеңейту үшін несиелер, қарыздар және қаржылық қолдаудың өзге де түрлерін алуға қажетті мамандандырылған құжаттардың (техникалық-экономикалық негіздеме, бизнес-жоспар және т. б.) тиімділігін талдау үшін деректерді ұсына отырып, жобалардың техникалық-экономикалық негіздемесінде жүзеге асырылады;

- Магистрлердің эксперименттік-зерттеу қызметі әртүрлі ұйымдық нысандарда: дербес немесе сыртқы объектілермен (жоғары оқу орындарының зерттеу бағдарламалары, ғылыми ынтымақтастықтың халықаралық бағдарламалары, зерттеу ұйымдары мен басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілер шеңберінде) бірлесіп жүргізілуі мүмкін.

		<p>г) Түлектің кәсіби қызметінің функциялары:</p> <ul style="list-style-type: none"><li>- ғылыми эксперименттерді, зерттеулер мен әзірлемелерді ұйымдастыру және басқару,</li><li>- инновациялық ұйым, өнімдер, технологиялар туралы ақпараттық материалдарды дайындау,</li><li>- жоба өнімін өндіруді ұйымдастыру және жылжыту, оны сүйемелдеу және қызмет көрсету,</li><li>- деректер базасын қалыптастыру және құжаттаманы әзірлеу,</li><li>- жаңа өнімді нарыққа жылжыту бойынша іс-шараларды орындау,</li><li>- зияткерлік меншікті сақтау және қорғау жөніндегі іс-шараларды орындау,</li><li>- жаңа өнімді аттестаттауға және сертификаттауға материалдар дайындау.</li></ul>
--	--	--

## Құзыреттілік негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау

Құзыреттілік түрі	Оқыту нәтижесінің коды	Оқыту нәтижесі (Блум таксономиясы бойынша)
1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер (Softskills)	ОН 1	Әр түрлі стратегияларды, технологияларды және басқару механизмдерін қолдану. Басқарудың әртүрлі деңгейлерінде басқару функцияларын жүзеге асыру, стратегиялық менеджердің міндеттерін орындау.
	ОН 6	Адам ресурстарын басқару дағдыларын, адам ресурстарын басқару стратегиясын пайдалану, шетелдік тәжірибені пайдалана отырып, кадрларды іріктеуді ұйымдастыру, ұжымның оң психологиялық ахуалын қолдай білу, мотивацияның тиімді әдістерін қолдану.
	ОН 7	Кәсіби салада ағылшын тілінде сөйлесуге мүмкіндік беретін ағылшын тілінің базалық білімін қолдану, арнайы терминдер мен өрнектерді түсіну, клиенттер мен іскерлік серіктестерге іскерлік хаттар жаза білу.
	ОН 8	Шығармашылық ойлау арқылы стандарты емес мәселелерді шешу; функцияларды орындаудың тиімді балама жолдарын анықтау, дизайнерлік ойлау құралдары арқылы жетілдірілген жүйенің нарығы мен ішкі жұмысын талдау.
2. Цифрлық құзыреттер (Digitalskills)	ОН 4	Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін тауарлар, процестер және қызметтер нарығына шығару. Инновациялық жобаларды іс жүзінде іске асыру. Ең тиімді және қажетті жобаларды есептеу; тәуекелдер мен шығындарды, өтімділікті есептеу; жобаны әзірлеуге қаржыландыру көздерін табу. Тәуекелді қаржыландыруға байланысты мәселелердің кешенін шешу, тәуекелді бағалау, тәуекелді басқарудың әртүрлі әдістерінің экономикалық тиімділігін бағалау, инвестициялық тәуекелдерді бағалау және басқару.
	ОН 5	Қаржылық есептілік нысандарымен жұмыс істеу, кәсіпорынды қаржылық талдау процесінде мәселелерді анықтау; кәсіпорынның қаржылық жағдайын болжау үшін қаржылық талдау нәтижелерін пайдалану; кәсіпорын қызметінде қаржылық менеджмент құралдарын пайдалану. Кәсіпорын жұмысының тиімділігін арттыру бойынша қорытындылар мен ұсыныстарды қалыптастыру. Есептілікте қалыптасқан көрсеткіштердің өзара байланысын орнату, қаржылық есептілік мәселелеріне сыни тұрғыдан қарау.
3. Кәсіби құзыреттер (Hardskills)	ОН 9	Зерттеу объектісінің репрезентативтілігін ескере отырып сынақтар жүргізеді және алынған деректерді олардың дұрыстығын ескере отырып салыстырады, зерттеу нәтижелерін олардың дәлелділігін ескере отырып талдайды және алынған нәтижелерді олардың тиімділігі тұрғысынан бағалайды; ұсыныстар мен ұсыныстарды қалыптастырады.
	ОН 2	Ақпаратты жинау және өңдеу, сондай-ақ іргелі және қолданбалы сипаттағы ғылыми мәселелерді шешу үшін іскерлік зерттеу әдістерін қолдану бойынша тәжірибелік дағдыларды қолдану



	ОН 3	ҚЕХС негіздерін қолдану, компания қызметі бойынша қаржылық есептілікте көрсету үшін қажетті есептік және талдамалық ақпаратты қалыптастыру, сондай-ақ қолданыстағы салық заңнамасына, салықтық есепке алу қағидаларына, нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес ұйымдарда оны жүргізу дағдылары мен техникасын игеру.
	ОН 10	Зерттеудің мақсаттарын, міндеттерін, мәселелері мен гипотезасын дұрыс қалыптастыру; зерттеудің ғылыми жаңалығы мен тәжірибелік маңыздылығын ұсыну; диссертациялық зерттеу тақырыбында көрсетілген материалды ұсыну, яғни тақырыпты және міндеттерді келісе отырып, материалды баяндау; жүргізілген ғылыми зерттеудің негізгі ережелері мен нәтижелерін ұсыну; ғылыми пікірталас жүргізуге, жаңа ғылыми және қолданбалы зерттеулердің нәтижелерін пайдалана отырып, ой өрісінің кеңдігін көрсете отырып, дәлелдер келтіруге қабілетті .

## Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау

Оқыту нәтижесінің коды	Модуль атауы	Пәндердің атауы	Көлемі (ECTS)
ОН 1	Бизнесті басқару	Стратегиялық менеджмент	3
ОН 2		Бизнес-зерттеу	3
ОН 3, ОН 5	Халықаралық қаржылық есеп және талдау	Қаржылық есеп және салық есебі	5
ОН 4		Тәуекелдерді басқару	
ОН 2		Шетелдік тағылымдама	3
ОН 5		Қаржылық талдау және қаржылық менеджмент	6
		Корпоративтік қаржылық есептілік	
ОН 6	Тұлғалық даму және көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру	Адам ресурстарын басқару	3
ОН 7		Іскерлік ағылшын тілі	4
ОН 8		Шығармашылық және дизайн ойлау	3
		Күрделі келіссөздер және көшбасшылық	
ОН 9, ОН 2, ОН 5	Эксперименттік-зерттеу жұмысы	Эксперименттік-зерттеу жұмысы, магистрлік диссертацияны орындау	18
ОН 10, ОН 5	Қорытынды аттестаттау	Қорытынды аттестаттау (магистрлік диссертация/ жобаны жазу және қорғау)	12

## Оқыту нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы

№ п/п	Пәндер мен тәжірибелердің атауы	Пән/практика/ҒЗЖ қысқаша сипаттамасы	Кредит тер саны	Оқыту нәтижелерінің кодтары									
				ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	ОН9	ОН10
<b>Жалпы модульдер</b>													
<b>Базалық пәндер циклі</b>													
Бизнесті басқару													
D1	Стратегиялық менеджмент	Курс басқарудың мәнін, принциптерін, негізгі ұғымдары мен заңдылықтарын зерттеуге арналған. Стратегиялық менеджмент операциялық, тактикалық және ұзақ мерзімді жоспарлау сияқты басқару процесінде орын алатын жоспарлаудың басқа түрлерінен түбегейлі ерекшеленеді. Сонымен қатар, бұл айырмашылық жоспардың егжей-тегжейлі дәрежесінде, мақсаттың құрылымында немесе жоспарлау көкжиегін анықтауда ғана емес, ең алдымен жоспарлау векторының бағытын таңдауда.	3	+									
D2	Бизнес-зерттеу	Қызығушылық тудыратын мәселелер бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу дағдыларын қалыптастыру, ғылыми мақалалар мен магистрлік диссертация жазу, зерттеу жұмыстары процесінде зерттелетін белгілі бір мәселелер бойынша ғылыми тұжырымдар жасау мақсатында зерттеледі. Бизнес-зерттеуді жүргізудің негізгі ұғымдары, анықтамалары, терминдері мен әдістері қарастырылады: бизнес-орта, зерттеу, ғылыми зерттеу, бизнес-зерттеу, Ғылым әдістемесі,	3	+									

		ғылымның жіктелуі, құрылымдық компоненттер, логика, бизнес-зерттеудің кезеңдері мен ақпараттық қамтамасыз етілуі, зерттеу жобасының тілі мен стилі, сандық және сапалық әдістер, SWOT-талдау, БКГ, қауіптер мен мүмкіндіктер матрицасы, бизнес-зерттеу нәтижелерінің презентациясы.											
<b>Мамандық бойынша модульдер</b>													
<b>Бейіндік пәндер циклі</b>													
Халықаралық қаржылық есеп және талдау													
D3	Шетелдік тағылымдам а	Магистранттың шетелдік тағылымдамасы мақсатында отандық және шетелдік ғылымның теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктерін зерделеу, сондай-ақ диссертациялық зерттеуде ғылыми зерттеулердің, эксперименттік деректерді өңдеудің және интерпретациялаудың заманауи әдістерін қолданудың практикалық дағдыларын бекіту зерделенеді.	3										
D4	Қаржылық есеп және салық есебі	Бухгалтерлік және салықтық есепке алу саласында кәсіби білімі мен іскерлігіне: басқару шешімдерін талдауға және қабылдауға, есепке алу стандарттарына сәйкес қаржылық есептілікті қалыптастыруға және ұсынуға, сондай-ақ қолданыстағы салық заңнамасына, салықтық есепке алу қағидаттарына сәйкес ұйымдарда оны жүргізу дағдылары мен техникасын алуға қойылатын талаптарға жауап беретін жоғары білікті мамандарды даярлау мақсатында зерделенеді, нормативтік-құқықтық құжаттармен.	5										
	Тәуекелдерді басқару	Курс кәсіпкерліктің ажырамас компоненттері және экономикалық											

		жүйенің қозғалыс факторлары ретінде белгісіздік пен тәуекелдің экономикалық мазмұнын зерттеуге арналған, тәуекелдерді жіктеу және жүйелеу. Белгісіздік пен тәуекел жағдайында шешім қабылдауды ғылыми негіздеу үшін қолданылатын экономикалық-математикалық талдаудың әдістері мен әдістері қарастырылады.											
D5	Қаржылық талдау және қаржылық менеджмент	Кәсіпорындағы қаржының мәні мен қаржыны басқару жүйесінің мәселелері қарастырылады. Қаржылық шешімдерді қабылдау үшін негіз ретінде қаржылық есептілікті талдау. Қаржылық менеджменттің негізгі тұжырымдамалары. Тәуекел және кірістілік: негізгі түсініктер мен әдістер талдау. Активтерді бағалаудың негізгі модельдері. Кәсіпорынның ағымдағы активтерін басқару. Кәсіпорынды қаржыландыру көздерін басқару. Инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау. Қаржылық жоспарлау: мәні принциптері мен кезеңдері.	6										
	Корпоративтік қаржылық есептілік	Қаржылық есептілікті жасау мәселелері қаралады. Бухгалтерлік баланс. Пайда мен залал туралы есеп. Ақша қозғалысы туралы есептің мазмұны. Капиталдағы өзгерістер туралы есепті құрудың мазмұны мен тәртібі. Түсіндірме жазбаның құрамы және ашылуы. Шоғырландырылған қаржылық есептілік. Қаржылық есептілік қаржылық талдаудың ақпараттық базасы ретінде.											
<b>Мамандық бойынша таңдау модульдері</b>													
<b>Бейіндік пәндер циклі</b>													
Тұлғалық даму және көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру													



		табылады.											
<b>Мамандық бойынша модульдер Бейіндік пәндер циклі</b>													
<b>Эксперименттік-зерттеу жұмысы</b>													
D9	Эксперименттік-зерттеу жұмысы, магистрлік диссертациян орындау	Зерттелетін мәселенің даму тарихы, зерттелетін ғылыми бағыттағы оның рөлі мен орны; зерттелетін мәселе бойынша теориялық білім; тиісті пәндік саладағы объектілерді (процестерді, әсерлерді, құбылыстарды, конструкцияларды, жобаларды) зерттеудің ғылыми зерттеу әдістемесі, теориялық және эксперименттік әдістері.	18		+			+				+	
<b>Қорытынды аттестаттау</b>													
D10	Қорытынды аттестаттау (магистрлік диссертация/ жобаны жазу және қорғау)	Зерттеу саласын білу және жүйелі түсіну. Білім беру бағдарламасы бойынша теориялық білім мен тәжірибелік дағдыларды жүйелеу, бекіту және кеңейту және оларды нақты ғылыми, тәжірибелік міндеттерді шешуде қолдану мүмкіндігі.	12					+					+

Оқытудың жоспарланған нәтижелерінің оқыту мен бағалау әдістерімен келісуі

Оқыту нәтижелерінің коды	Оқыту нәтижелері	Оқыту әдістері	Бағалау әдістері
ОН 1	Әр түрлі стратегияларды, технологияларды және басқару механизмдерін қолдану. Басқарудың әртүрлі деңгейлерінде басқару қызметтерін жүзеге асыру, стратегиялық менеджердің міндеттерін орындау.	Интерактивті дәріс	Тест, ауызша сауалнама, пікірталас, дөңгелек үстел, коллоквиум, презентация, кейс-әдістер, жобалық оқыту
ОН 2	Ақпаратты жинау және өңдеу, сондай-ақ негізгі және қолданбалы сипаттағы ғылыми мәселелерді шешу үшін бизнес зерттеу әдістерін қолдану бойынша тәжірибелік дағдыларды қолдану.	Кейс-әдістер	Тест, ауызша сауалнама, пікірталас, дөңгелек үстел, коллоквиум, презентация, жобамен жұмыс
ОН 3	ҚЕХС негіздерін қолдану, компания қызметі бойынша қаржылық есептілікте көрсету үшін қажетті есептік және талдамалық ақпаратты қалыптастыру, сондай-ақ қолданыстағы салық заңнамасына, салықтық есеп қағидаларына, нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес ұйымдарда оны жүргізу дағдылары мен техникасын игеру.	Интерактивті дәріс	Коллоквиум, кейстерді шешу, практикалық тапсырмалар, презентациялар, эссе жазу, жобаны дайындау, тестілеу
ОН 4	Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін тауарлар, үдерістер мен қызметтер нарығына шығару. Инновациялық жобаларды нақты іске асыру. Ең өтелетін және қажетті жобаларды анықтау; өтімділік; тәуекелдер мен шығындарды есептеу; жобаны әзірлеуге қаржыландыру көздерін табу. Тәуекелді қаржыландыруға байланысты мәселелер кешенін шешу, тәуекелді, тәуекел-менеджменттің әртүрлі әдістерінің экономикалық тиімділігін	Жобалық оқыту	Тест, ауызша сауалнама, пікірталас, дөңгелек үстел, коллоквиум, презентация, жобамен жұмыс



	бағалау, инвестициялық тәуекелдерді бағалау және басқару.		
ОН 5	Қаржылық есептілік нысандарымен жұмыс істеу, кәсіпорынды қаржылық талдау үдерісінде мәселелерді анықтау; кәсіпорынның қаржылық жағдайын болжау үшін қаржылық талдау нәтижелерін пайдалану; кәсіпорын қызметінде қаржылық менеджмент құралдарын пайдалану. Кәсіпорын жұмысының тиімділігін арттыру бойынша қорытындылар мен ұсыныстарды қалыптастыру. Есептілікте қалыптасатын көрсеткіштердің өзара байланысын орнату, қаржылық есептілік мәселелеріне сыни тұрғыдан қарау.	Интерактивті дәріс, пікірталас, дөңгелек үстел, кейс-әдістер, ауыстырылған сынып (Flipped Class), жобалық оқыту	Тест, ауызша сауалнама, пікірталас, дөңгелек үстел, коллоквиум, портфолио, презентация, жобамен жұмыс, эссе жазу
ОН 6	Адам ресурстарын басқару дағдыларын, адам ресурстарын басқару стратегиясын пайдалану, шетелдік тәжірибені пайдалана отырып кадрларды іріктеуді ұйымдастыру, ұжымның психологиялық ахуалын оң қолдай білу, ынталандырудың тиімді әдістерін қолдану.	Интерактивті дәріс	Тест, ауызша сауалнама, пікірталас, дөңгелек үстел, коллоквиум, презентация, жобамен жұмыс
ОН 7	Кәсіби салада ағылшын тілінде сөйлесуге, нақты терминдер мен сөз тіркестерін түсінуге, клиенттер мен іскери серіктестерге іскерлік хаттар жаза білуге мүмкіндік беретін ағылшын тілінің негізгі білімін қолдану	Интерактивті дәріс, кейс-әдістер, талқылау, дөңгелек үстел, жобалық оқыту, ауыстырылған сынып(Flipped Class)	Коллоквиум, кейстік жағдайларды шешу, тәжірибелік тапсырмалар, презентациялар, эссе жазу, жоба дайындау, тестілеу
ОН 8	Креативті ойлау арқылы стандарты емес мәселелерді шешу; қызметтерді орындаудың тиімді балама жолдарын анықтау, дизайнерлік ойлау құралдары арқылы жетілдірілетін жүйенің нарығы мен ішкі қалыптасуын талдау.	Интерактивті дәріс	Тест, ауызша сауалнама, пікірталас, дөңгелек үстел, коллоквиум, презентация, жобамен жұмыс
ОН 9	Зерттеу объектісінің репрезентативтілігін ескере отырып сынақтар жүргізу және алынған деректерді олардың шынайылығын ескере отырып салыстыру, зерттеу нәтижелерін олардың дәлелділігін ескере отырып талдау және алынған нәтижелерді олардың тиімділігі тұрғысынан бағалау; ұсыныстарды қалыптастыру.	Интерактивті дәріс	Тест, ауызша сауалнама, пікірталас, дөңгелек үстел, коллоквиум, портфолио, презентация, жобамен жұмыс, эссе жазу
ОН 10	Зерттеудің мақсаттарын, міндеттерін, мәселелері мен гипотезасын дұрыс қалыптастыру; зерттеудің ғылыми жаңалығы мен тәжірибелік маңыздылығын ұсыну; диссертациялық зерттеу тақырыбында	Интерактивті дәріс	Тест, ауызша сауалнама, пікірталас, дөңгелек үстел, коллоквиум, презентация,

	көрсетілген материалды ұсыну, яғни материалды тақырыппен міндеттерге сәйкес ұсыну; жүргізілген ғылыми зерттеудің негізгі ережелері мен нәтижелерін көрсету; ғылыми пікірталас жүргізе алу, кең ой-өрісін көрсете отырып жаңа ғылыми және қолданбалы зерттеулердің нәтижелерін пайдалану арқылы дәлелдер келтіре алу		жобамен жұмыс
--	---	--	---------------

Нысан 7

### Оқу нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау критерийлері

ОН кодтары	Критерийлер
<b>ОН 1</b>	<p><b>Біледі:</b> жоспарлау салалары, стратегиялық менеджменттің субъектілері мен объектілері, жоспарлау саласының басқару құрылымы, басқарудың әртүрлі деңгейлерінде субъектілер орындайтын қызметтер.</p> <p><b>Жасайалады:</b>білімді жоспарлау саласын басқару, басқару құрылымын құру, стратегиялық менеджментті жүзеге асыру құралдары үшін тәжірибеде қолдану.</p> <p><b>Қабілеті бар:</b>стратегиялық басқару технологиясы, қазіргі саясатты іске асыру тетігі, жоспарлау саласындағы басқару құрылымдарын ұйымдастыру және дамыту.</p>
<b>ОН 2</b>	<p><b>Біледі:</b> бизнес-зерттеулер мен бизнес-талдауды ұйымдастыру және жүргізу негіздері, негізгі халықаралық зерттеу және талдау компаниялары, олардың ерекшеліктері, заманауи аналитикалық құралдар және оларды аналитикалық компанияларда пайдалану тәсілдері.</p> <p><b>Жасайалады:</b>технологиялардың нарықтары мен даму болашағын талдау, тұтынушылардың қажеттіліктерін талдау және инновациялық өнімдердің мақсатты нарықтарын анықтау, технологияларды дамытудың өмірлік циклін талдау, технологиялық шешімдер мен оларды жеткізушілерді бәсекелік талдау</p> <p><b>Қабілеті бар:</b> зерттеулер мен талдаманың қажетті нәтижелерін іздеу және пайдалану, заманауи талдамалық құралдарды пайдалану негізінде басқарушылық шешімдер қабылдау, ықпалды халықаралық талдамалық компаниялармен тиімді қарым-қатынас жасау дағдылары.</p>
<b>ОН 3</b>	<p><b>Біледі:</b> қаржылық талдау әдістерінің ерекшеліктері, активтерді басқару модельдері, қаржылық жоспарлау және болжау әдістері.</p> <p><b>Жасайалады:</b> қаржылық есептілікті талдау әдістерін қолдану, активтер мен оларды қалыптастыру көздерін басқару модельдерін анықтау, банкроттықты болжау модельдерін қолдану.</p> <p><b>Қабілеті бар:</b> талдау нәтижелерін түсіндіру және басқарушылық шешім қабылдау үшін шешім жасау құралдарын ұсыну.</p>
<b>ОН 4</b>	<p><b>Біледі:</b> тәуекелдерді басқарудың негізгі ережелері, терминдері, анықтамалары мен санаттары, оның өндірістік және әлеуметтік-экономикалық жүйелердегі орны мен рөлі; тәуекелдерді басқару әдістері.</p> <p><b>Жасайалады:</b> басқарушылық шешімдер қабылдау үшін, оның ішінде инвестициялау және қаржыландыру туралы шешімдер қабылдау кезінде нарықтық және ерекше тәуекелдерге талдау жүргізу.</p>

	<p><b>Қабілеті бар:</b> мүлікті басқару кезінде тәуекелдерді анықтау, бағалау және басқару; тәуекелдерге, қауіптерге және белгісіздік факторларына қарсы шаралар әзірлеу дағдылары.</p>
<b>ОН 5</b>	<p><b>Біледі:</b> қаржылық есептілікті қалыптастырудың негізгі қағидалары; есептілікті жасау кезінде қажетті негізгі санаттарды - қаржылық және салықтық есепке алу объектілерін теориялық түсіндіру; қазіргі әлемдік бухгалтерлік тәжірибедегі қаржылық есептіліктің негізгі тұжырымдамалары.</p> <p><b>Жасай алады:</b> қолданыстағы заңнамалық-нормативтік актілері мен қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарын ескере отырып, қаржылық есеп деректері негізінде есептілікте ұсынылатын ақпаратты қалыптастыру; іскерлік әкімшілендірудің этикалық және кәсіби қызметтері.</p> <p><b>Қабілеті бар:</b> есептілікте қалыптастырылатын көрсеткіштердің өзара байланысы, оны жетілдіру мақсатында қаржылық есептілік мәселелеріне сыни көзқарас дағдыларына ие болу.</p>
<b>ОН 6</b>	<p><b>Біледі:</b> адам ресурстарын басқарудың тұжырымдамалық аппараты, адам ресурстарын басқару стратегиясы, бақылау түрлері, қызметкерлерді іріктеу әдістемесі мен ұйымдастырылуы, адам ресурстарын басқарудың шетелдік тәжірибесі, басқарудағы адам ресурстарының орнын, ұжымның психологиялық ахуалын түсіну, ынталандырудың тиімді әдістерін анықтау.</p> <p><b>Жасай алады:</b> қызметкерлерді іріктеу, ынталандыру, бақылау әдістерін қолдану, корпоративтік мәдениет аспектілерін ескеру.</p> <p><b>Қабілеті бар:</b> кадрларды ынталандыру, іріктеу, қызметкерлерді бақылаудың негізгі әдістерін қолдану дағдылары.</p>
<b>ОН 7</b>	<p><b>Біледі:</b> берілген кезеңнің тақырыбына және қарым-қатынастың тиісті жағдайларына байланысты жаңа лексикалық бірліктердің мағыналары; тілдік материал: зерттелетін тақырыптар шеңберіндегі идиоматикалық сөз тіркестері, бағалау лексикасы, сөйлеу этикетінің бірліктері және қарым-қатынасқа қызмет көрсету жағдайлары; тілдік қарым-қатынастың жаңа тақырыбы мен мәселесі есебінен кеңейтілген лингвистикалық елтану және әлеуметтік-мәдени ақпарат.</p> <p><b>Жасай алады:</b> тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени және оқу-еңбек салаларындаресми және бейресми қарым-қатынас жағдайларында аргументті, эмоционалды-бағалау құралдарын пайдалана отырып, сұхбат жүргізу (сұхбат-сұраққою, сұхбат-көзқарас/пікіралмасу, сұхбат-іс-әрекетке итермелеу, этикеттік сұхбат және олардың комбинациясы); зерттелген тақырыпқа, мәселеге байланысты оқылған / тыңдалған мәтіндер айту, пайымдау; оқиғаларды сипаттау, фактілерді баяндау.</p> <p><b>Қабілеті бар:</b> тәжірибелік және кәсіби қызметте, күнделікті өмірде алған білімдері мен дағдылары.</p>
<b>ОН 8</b>	<p><b>Біледі:</b> жанжалдарды басқарудағы және келіссөздер үдерісін ұйымдастырудағы негізгі мәселелер; келіссөздерге дайындық және оларды оңтайлы аяқтау тәсілдері; келіссөздерді пәнаралық зерттеудің мәнін және келіссөздер үдерісінің ұйымдастыру тәжірибесі мен шешім қабылдаудың тиімділігін арттыру үшін теориялық талдаудың маңыздылығын түсіну.</p> <p><b>Жасай алады:</b> келіссөздер жүргізу нормаларының бұзылуын анықтау (айла-шара жасау, бұрмалау және т. б.); жанжалдардың себептері мен салдарын талдау; жанжалдардың стратегиялары мен келіссөздер модельдерін талдау; келіссөз жүргізуші ретінде өзінің күшті және әлсіз жақтарын бағалау; келіссөз үдерісінің негізгі кезеңдерін талдау;</p>

	<p><b>Қабілеті бар:</b> әр түрлі бағыттағы келіссөздер жүргізудің заманауи технологиялары; келіссөздердің тиімділігін талдау және алған білімдерін өзін-өзі дамыту және менеджердің одан әрі кәсіби өсуі үшін қолдану қабілеті.</p>
<b>ОН 9</b>	<p><b>Біледі:</b> ғылымның мәні, ғылымның даму кезеңдері, ғылымдарды жіктеу критерийлері, ойлаудың жалпы логикалық нысандары, ғылымның әдіснамалық мәдениеті, басқарушылық және қаржылық талдаманың әдіснамасы.</p> <p><b>Жасайалады:</b> ғылыми зерттеу кескіндерін құру, ғылыми зерттеудің гипотезасын, мақсатын, міндеттерін қалыптастыру, басқарушылық және қаржылық талдаманың ерекшеліктерін ескере отырып, зерттеуді ұйымдастыру және жүргізу.</p> <p><b>Қабілеті бар:</b> бастапқы көздермен жұмыс, зерттеу нәтижелерін өңдеу, зерттеудің мақсаты мен объектісіне байланысты зерттеу әдістерін таңдау және қолдану</p>
<b>ОН 10</b>	<p><b>Біледі:</b> ғылыми жұмыс жазуда негізгі ғылыми тәсілдер.</p> <p><b>Жасайалады:</b> ғылыми жұмыс жазуда ғылыми әдістерді қолдану.</p> <p><b>Қабілеті бар:</b> зерттеу объектісін талдау үшін теориялық және тәжірибелік білімді қолдану.</p>

Білім беру бағдарламасы түлегінің моделі

Құзыреттілік түрі	Құзыреттердің сипаттамасы
1. Мінез-құлыққағдылары және жекеқасиеттер (Softskills)	<ul style="list-style-type: none"> <li>- жоспарлаусалаларын, стратегиялық менеджменттің субъектілері мен объектілерін, жоспарлау саласын басқару құрылымын, басқарудың әртүрлі деңгейлерінде субъектілер орындайтын функцияларды біледі;</li> <li>- білімді жоспарлау саласын басқару, басқару құрылымын құру, стратегиялық менеджментті жүзеге асыру құралдары үшін тәжірибеде қолданады;</li> <li>- әртүрлі стратегиялар теориясын, басқару технологиясын, қазіргі саясатты, оны іскеасыру тетіктерін зерттеу туралы пайымдаулар қалыптастырады;</li> <li>- басқарудың әртүрлі деңгейлерінде субъектілер орындайтын функцияларды жүзеге асыра алады, стратегиялық менеджердің міндеттерін орындай алады;</li> <li>- экономика және бизнес саласында өнімді байланыс орнатады;</li> <li>- шаруашылық қызметтегі түрлі мәселелерді шешу немесе тауарлар мен қызметтер туралы ақпарат беру үшін серіктестермен және клиенттермен хат алмасуды жүргізеді;</li> <li>- мотивацияның, кадрларды іріктеудің, персоналды бақылаудың негізгі әдістерін қолдану дағдыларын меңгеру.</li> <li>-осы пәннің білімін меңгерген, кәсіби салада ағылшын тілінде сөйлесуге мүмкіндік беретін ағылшын тілі туралы негізгі білімі болуы керек, нақты терминдер мен сөз тіркестерін түсінеді, клиенттерге және іскер серіктестерге іскерлік хаттар жаза алады.</li> </ul>
2. Сандық құзыреттер (Digital skills)	<ul style="list-style-type: none"> <li>- қаржылық талдау әдістерінің ерекшеліктерін, активтерді басқару модельдерін, қаржылық жоспарлау және болжау әдістерін біледі;</li> <li>- қаржылық және салықтық есепке алу тұрғысынан кірістерді, шығыстарды және қаржылық нәтижені айқындайды және есептілікте көрсетеді;</li> <li>- есеп саясатын қалыптастыру және қаржылық есептілікпен түсіндірме жазба жасау саласындағы шешімдерді негіздейді;</li> <li>- қаржылық есептілікті талдау әдістерін қолданады, активтерді басқару модельдерін және оларды қалыптастыру көздерін анықтайды, банкроттықты болжау модельдерін қолданады.</li> </ul>
3. Кәсіби құзыреттер (Hardskills)	<ul style="list-style-type: none"> <li>- ЭЗЖ орындауға, зерттеу тақырыбын таңдауға, ҒЗЖ жоспарлауды жүзеге асыруға, нақты материалды өз бетінше жинауға және өңдеуге қабілетті, ғылыми зерттеуді өз бетінше жоспарлайды, ұйымдастырады және жүргізеді;</li> <li>- әртүрлі меншік нысандарындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда, мемлекеттік және муниципалдық билік органдарында экономикалық қызметтер мен бөлімшелерді басқаруға қабілетті;</li> <li>-басқарушылық шешімдердің нұсқаларын әзірлеуге және әлеуметтік-экономикалық тиімділік белгілері арқылы оларды таңдауын негіздей алуға қабілетті;</li> <li>- ғылыми зерттеулерді өз бетінше жоспарлауға, ұйымдастыруға және жүргізуге қабілетті.</li> </ul>

**Әзірлеушілері:**

Жұмыс тобының мүшелері:

Бухгалтерлік есеп және аудит кафедрасының меңгерушісі, PhD., профессордың ассистенті

Бухгалтерлік есеп және аудит кафедрасының э.ғ.к., профессоры

Бухгалтерлік есеп және аудит кафедрасының оқытушысы, э.ғ.м

Есеп және аудит білім беру бағдарламасының магистрант



А. К. Атабаева

Э. Ж. Сыздыкова

Г. С. Касымханова

А. Қ. Бимағамбет

Білім беру бағдарламасы факультет кеңесінде қарастырылды хаттама № 9 10 04. 2024 ж.


Білім беру бағдарламасы Академиялық кеңес отырысында қарастырылды хаттама № 5 29 04. 2024 ж.

Білім беру бағдарламасы университет Басқармасының отырысында қарастырылды және бекітілді хаттама № 8 24. 05. 2024 ж.

**Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер бойынша проректор**

**Академиялық жұмыс департаменті директорының**

**Экономика факультетінің деканы**



**М.М. Умуркулова**

**Т. М. Хасенова**

**А.Н. Ламбекова**

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАМУ ЖОСПАРЫ**  
**7M04112 - Басқарушылық және қаржылық талдама (executive MBA)**

Жоспардың мақсаты - еңбек нарығының өзекті талаптары мен қазіргі ғылым жетістіктерін ескере отырып, білім беру бағдарламасын іске асыру шарттарының сапасын арттыруға әрекет ету.

**Мақсатты индикаторлар**

№	Индикаторлар	Өлшем бірлігі	2022-2023 (нақты)	2023-2024 (жоспар)	2024-2025 (жоспар)	2025-2026 (жоспар)
<b>1</b>	<b>Кадрлық әлеуетті дамыту</b>					
1.1	Ғылыми дәрежелері бар оқытушылар санының өсуі	Адам саны.	7	1	-	1
1.2	Оқыту бейіні бойынша біліктілікті арттыру	Адам саны.	10	10	11	12
1.3	Оқытуға тәжірибесі бар мамандарды тарту	Адам саны.	5	6	6	7
1.4	Өзге	Адам саны.	-	-	-	-
<b>2</b>	<b>Рейтингтерде ББ жылжыту</b>					
2.1	БСҚТА	Позиция	3	2	2	1
2.2	АРТА	Позиция	2	1	1	1
2.3	Атамекен	Позиция	-	5	4	4
<b>3.</b>	<b>Оқу және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, электрондық ресурстарды әзірлеу</b>					
3.1	Оқулықтар	Саны	-	1	-	1
3.2	Оқу құралдары	Саны	1	1	2	2
3.3	Әдістемелікұсынымдар / нұсқау	Саны	1	1	2	2
3.4	Электронды оқулық	Саны	1	2	2	2
3.5	Видео/аудиодерістер	Саны	-	1	1	1
3.6	Өзге	Саны	-	-	-	-
<b>4.</b>	<b>Оқу және зертханалық базаны дамыту</b>					
4.1	Бағдарламалық өнімдер алу	Саны	1	1	2	2
4.2	Жабдықтар алу	Саны	1	2	2	2
4.3	Өзге	Саны	-	-	-	-
<b>5.</b>	<b>ББ мазмұнын өзектендіру</b>					

5.1	Еңбек нарығының талаптарын, ғылым жетістіктерін, кәсіби стандарттарды ескере отырып, оқыту нәтижелері мен пәндер тізбесін жаңарту	Жыл	-	+	-	-
5.2	Шет тілдерінде оқу пәндерін ББ енгізу*	Жыл	-	-	-	-
5.3	Оқытудың жаңа әдістерін енгізу	Жыл	-	-	-	+
5.4	ББ базасында бірлескен / қос дипломды бағдарламаны ашу	Жыл	+	-	+	-
5.5	Өзге	Жыл	-	-	-	-

Бухгалтерлік есеп және аудит кафедрасының меңгерушісі

*Атабаева*

А.К. Атабаева